



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

- дети приобщаются к истокам традиционного народного искусства и национальной культуре народов Казахстана;
- создаются условия для самореализации ребенка в творчестве, воплощения в художественно – творческой работе собственных неповторимых черт, своей индивидуальности;
- изучается технологическая последовательность и трудовые приёмы выполнения работ;
- развивается творческое мышление, эстетический вкус, самостоятельность в подборе материалов, инструментов и приспособлений;
- воспитывается аккуратность, бережливость, ответственность за выполняемую работу, коммуникативные навыки;
- создаются условия для формирования художественно – творческой активности детей.

На примере одного из уроков ручного труда в 4–м классе, мы хотим рассказать, как же происходит приобщение детей к национальной культуре народов.

В начале урока учитель демонстрирует презентацию о жизни и быте древних казахов. Традиционным жилищем казахов в тот период являлась юрта. Говоря о казахском жилище, учитель обращает внимание на то что юрта была не только точно рассчитана и продумана с учетом потребностей быта кочевников, а ее убранство отличалось орнаментальным изяществом декора, но и сам принцип построения юрты был отражением их взглядов на окружающий мир. Дети на уроке также узнают, для чего юрта разбиралась и вновь собиралась. Древние казахи кочевали с места на место. Это нужно было для сохранения и развития животноводства.

Учащиеся обводят шаблоны из картона на войлоке и вырезают. Затем приступают к процессу шитья – соединяют все части. Декорируют юрту национальным казахским орнаментом.

Таким образом, в завершении урока, у учащихся нашего комплекса формируются представления о быте древних казахов и о том, что народ в связи со своим кочевым образом жизни был близок к природе, отсюда становится ясно, почему так много произведений об окружающей среде.

Обращение к педагогическому наследию И.Алтынсарина сегодня как никогда актуально. В наше время необходимо обращение к исторической основе воспитания, ибо без осмысления исторического педагогического наследия невозможно приобщение подрастающего поколения к человеческим идеалам. Жизненный и творческий путь Ибрая Алтынсарина, отдельные страницы его биографии, отдельные аспекты его философских и педагогических воззрений вызывают особый интерес и способствуют духовно – нравственному развитию современной личности. Судьба И.Алтынсарина – нравственный пример для всех, кто жил и живет после него. Это пример служения своему народу. Его педагогические идеи используют лучшие учителя области, его стихи и проза любимы народом.

#### **Список литературы:**

1. Алтынсарин И. Педагогические идеи и просветительская деятельность. Алма–Ата 1968 г.
2. Джумагулов К.Т. Алтынсарин и развитие культуры казахского народа. Алма–Ата: Казахстан, 1984.
3. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года №348.

Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 5 августа 2022 года № 29031 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования»

ӘОЖ 37.034

### **Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С. КӨБЕЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

*Нұржан Гүлжанат Түйебайызы  
Қостанай гуманитарлық колледжінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, магистр  
Қостанай қ., Қазақстан  
E – mail: Guli – 10.guli@mail.ru*

#### **Аңдатпа**

*Бұл мақалада қазақ әдебиетіне жаңа идеямен тың тақырыптар әкелген жаңашыл ұстаз, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин және Ыбырай салған ағартушы – демократтық үлгідегі педагог – жазушы Спандияр Көбеевтің еңбектері мен оқытудағы әдістері қазіргі заманауи ұрпақ тәрбиесінде қолданудың құндылығы жайлы өзекті мәселелер айтылған.*

*Түйінді сөздер: ұрпақ тәрбиесі, адамгершілік тәрбие, заманауи білім беру.*

#### **Аннотация**

*В данной статье новаторский педагог и общественный деятель Ыбырай Алтынсарин, принесший новые темы в казахскую литературу с новыми идеями, и значение использования трудов и методов обучения*

просвещенно – демократического педагога – писателя Спандияра Кобеева, в воспитании современного поколения.

**Ключевые слова:** воспитание поколения, нравственное воспитание, современное образование.

#### Abstract

*In this article, the innovative teacher and public personality Ybyrai Altynsarin, who brought new topics to Kazakh literature with new ideas, and the value of using the works and teaching methods of the enlightened – democratic teacher – writer Spandiyar Kobeev, in the education of the modern generation are discussed.*

**Key words:** generation education, moral education, modern education.

«Балаға берілген бірінші тәрбие ата – анасын,  
туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады».  
Ы.Алтынсарин

Қазақ халқының көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин ұлтының қоғамдық ой пікірі, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жаңашыл – педагог, жаңа мектептердің ұйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын – прозашының мұралары жер бетінде қазақ барда ұмытылмақ емес. Ыбырай Алтынсарин әрі ақын, әрі қара сөздің ұстасы, қазақтың әдеби тілінің негізін салған артына ғылыми мұра қалдырған тұлғалардың бірі. Ыбырай – жаңашыл жазушы. Ол – ең алдымен қазақ әдебиетіне жаңа идеямен тың тақырыптар әкелуімен жаңашыл. Қазақ ақындарына оқу, тәлім – тәрбие, мәдениет мәселелерін Ыбырайдай арнайы сөз еткен ешкім болған жоқ. Ы.Алтынсарин өзінің шығармаларында тәрбиелік, нақыл – насихаттық мәніне ерекше көңіл аударып отырды. Сол арқылы жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінділікке, өнер – білімге шақырады. Ол қазақ халықана қажет білім мен өнерді игерудің басты жолы мектептер арқылы жүзеге асады деп санады. Сол жолда көрнекті ғалым уездік қалаларда 4 орталық орыс – қазақ училищелерін, 1 қолөнер училищесін, 5 болыстық мектептерді, орыс балаларына арнап 2 мектеп ашып, оларды тегіс жабдықтады. [1, б. 139] Сондай – ақ, ағартушылық қызметінде балаларды оқыту және тәрбиелеу, мұғалімдердің беделін көтеру, рөлін арттыру мәселелері үлкен орын алады. Ол мұғалімдер оқушыларын өз балаларындай көрулері керек, сонда ғана оқу жұмысы ойдағыдай ілгері басады деп әр мұғалімнің болашақ ұрпақ тәрбиесінде мұғалімдерге ерекше ықыластың қажеттігін атап көрсеткен.

Ыбырай «Өнер – білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету.

Өнер – білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзінді ашып, жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
...Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді.  
Теңізде жүзді балықтай,  
Дүниені кезді жалықпай. [2, б. 210]

Ыбырай жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарау, оны «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзінді ашып – жұмғанша, жылдам хабар алғызатын» елдердің қатарына жеткізу деп білді. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі – жастар деп ұқты. Сонау 19 ғасырда өмір сүрген Ыбырай келешекте осы өлеңде айтылғандай «Айшылық алыс жерлерден, көзді ашып жылдам хабар алғызатын» қазіргі ұялы телефон, «Отынсыз тамақ пісіретін электрлі, газ плиталары т.б тамақ дайындайтын техникалар, «Сусыздан сусын ішірді» дегені құнарлығы сақталған әр түрлі құрғақ ұнтақтарды қажет кезінде әп – сәтте сусын дайындап алуға болатынын, «Теңізде жүзді жалықпай, дүниені кезді жалықпай» деп үлкен кемелерде жалықпай әлемді шарлайтын заман болады деген сеніммен жазылған өлеңін жастайымыздан жаттап өстік. Бүгінде біздің күнделікті өмірімізде көріп біліп пайданып жүргеніміз соның айғағы. Бұл өлеңінен болашақты бағдарлай алатын жоғары интеллект иесінің болжамының айдан анық орындалғанын көріп отырмыз. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Омарханұлы Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазады: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік – қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай Шоқан мен Абайдың да ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп, қоса білді. Сөйтіп, ол Шоқан мен Абайдың істеген тың тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы». Кезінде қазақ халқының болашақ тағдырын орыс мәдениетімен бірлікте алып қараған Шоқан, Абай және Ыбырай секілді ұлы ағартушы – демократтар тарихымызда өшпестей ізін қалдырды. [3, б. 278]

Қазіргі ілім мен ғылымның дамыған уақытында білімі беру саласында Ыбырай салып кеткен дара жолдан алшақтау мүмкін емес. Табысқа жету үшін қажетті білім мен дағдыларды үйлестірумен бірге оларды тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындаудағы басты құрал – оқу үдерісінде, тәлім – тәрбие барысында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану. Демек, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің бірі, ағартушы – педагогы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесін, яғни идеялары мен ұрпақ тәрбиесі туралы ой пікірлерін зерделеп, таразылау, жинақтау, оқу методтары мен оқыту тәсілдерін тиімді меңгеру қазіргі білім беру жүйесіндегі білім шаңырақтарында жалғасын табуда. Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», – деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. «Баланы жастан», – дегендей, оған жас күннен түзу тәрбие беру, оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түседі. Кейде сол қисаюмен барып мерт болады. Ыбырайдың бұл әңгімесі қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін де үлгі бола алады. Біріншіден, әр халықтың тұрмыс – тіршілігі мен салт – дәстүрлерінен хабар беруді көздей отырып, тұлғаны өмір сүрген қоғамына қатысты халықаралық қатынасқа бейімдеу. Екіншіден, жеке тұлғаны адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеп, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту арқылы адами мінез – құлықтарын өздері игере алуларын ойластырған.

Қазіргі уақытта жастар арасында тәрбие мен мәдениеттегі келеңсіздіктер көп орын алып тұратыны баршамызға мәлім. Осы тұрғыда Ыбырай мұраларын тек педагогикалық мамандықта оқитын колледж және жоғары оқу орнындарында ғана оқытпай кез – келген мамандықтарды даярлайтын білім ордаларының оқу бағдарламаларына жеке тұлға болып қалыптасуы үшін оқытылуы қажет деп санаймын. Заманның құбылмалы кезеңінде әр адамның басынан қандай жағдай өтпесін жамандықтан аулақ болу қажеттігі жөнінде «Араз бол кедей болсаң ұрлықпенен» деген өлеңі еңбек салтанатын, адалдықты, шындықты үйретеді. «Әй, достарым?» деген өлеңінде Ыбырай «Қолыңнан келсе қыл, қайыр» деп, қайырымды, кең, адал азамат болуға шақырады. Сонымен қатар ақынның шығармаларында өнер, еңбек, кәсіп, адамгершілік идея, отырықшылыққа байланысты тұрмыс жаңалықтары көтерілді. Еңбек тақырыбындағы «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай мен жарлы баласы», «Байлық», «Асыл шөп», «Қыпшақ Сейітқұл» т.б. әңгімелері аса тартымды, мәнді, көркем шығармалар. Адамгершілік мәселесіне «Шеше мен бала», «Бір уыс мақта», «Мейірімді бала», «Ауырудан аяған күштірек», «Әдеп», «Таза бұлақ» әңгімелерін жазып, аудармалар жасады. [4, б. 224]

Жалынды ақын М.Жұмабаевтың «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдердікі» – деп мұғалім еңбегін ерекше екендігін айтып кеткен. Мұғалім – ұлттық білім мен даналық қазынасының сақтаушысы. Осы орайда Ы.Алтынсариннің ізімен бар ғұмырын мұғалімдік қызметке арнаған С.Көбеев болды. Ол 1912 жылы Қазан қаласында «Үлгілі бала» кітабын бастырады. Бұл оқулықта ол орыс классиктерінің балаларға арналған әдебиет үлгілерін, қазақтың ауыз әдебиеті түрлерін, орыс мысалшыларының еңбектерін кіргізді. Спандияр Көбеев – өзінің ұстазы Ыбырай Алтынсарин салған ағартушы – демократтық үлгідегі педагог – жазушы. Өзінің өмірлік мұратын мұғалімдікпен ұштастырған С.Көбеев балаларды Ыбырай әдісімен оқытады, ғылым негіздерін үйретеді. С.Көбеев ұстазы Ы.Алтынсарин тәрізді мұғалімдік қызмет пен жазушылықты шебер байланыстыра білді. Мұғалімдік қызметінің алғашқы жылдарында И.А.Қрыловтың мысалдарын аударып, сабақтарында пайдаланады. [4, б. 125] Қайырымсыздыққа – қайырымдылық, аяушылық, адамшылық, боссөзділікке – еңбек, сенімсіздікке сенімділік қарсы қойылады. Өз мінін білмеушілік, айлакерлік, қолдағыны місе тұтпаушылық, тойымсыздық, сатқындық, арамдық, мақтанқұмарлық сыналады. Оқу – білімнің артықшылығы, өз ісін жетік білушілік, сөзге тоқтаушылық дәріптеледі.

Ең өзекті тақырып – еңбек. «Екі соқа» әңгімесінде күні бойы еңбек еткен соқа еңбексіз, бос жатқан соқаға «егер сен де жұмыс қылып михнаттансаң, мендей жарқырап тұрар едің» дейді. Тот басқан соқа жалқаулығынан зардап шегеді. Балаға «жалқаулық адамды аздырады» деген ой ұсынылады. «Түскі тамақ пен кешкі тамақ», «Өсиет» әңгімелері астың дәмді болуы еңбекке байланысты екендігін білдіреді. «Сен жұмысқа ерте шық, сонда сен біреуге жалынбайсың, саған біреу жалынады, жұмыстан кеш қайт, сонда ішкен тамағың тәтті көрінеді, әм бай боласың» («Өсиет»). Еңбектен кейінгі маңызды тақырып – оқу мәселесі. Еңбек еткен адам сияқты оқу білген адам да ұтады. «Егер оқи білмесендер, кітап сендерге неге керек, бұл кітапты мен алайын, қай бұрын оқи білгеніңе берермін» дейді мұғалім балаларға. Демек «Балалар мен мұғалім» әңгімесінде оқу да, оқу көзі – кітап та қастерлі. «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» мақалын «Сауысқан мен қарға» мысалы дәлелдейді. «Көп сөйлеген кісінің сөзінің жартысы өтірік болады» деген қарғаның мерейі, әрине, шықылықтаған сауысқаннан үстем. «Қоян мен көлбақалар» мысалындағы «Менен де қорқатын жәндіктер бар екен, бекер өлмейін» деген қоян шешімі әр жәндіктің бекер жаралмағандығын аңғартады. Өз тұлғасына, іс – әрекетіне, мінез – қасиетіне сенімсіздік құптарлық емес. Құптарлығы – тәубаға келушілік. Үлкенді құрмет тұту қажеттігі «Шал мен балалар» әңгімесінде еске түсіріледі. Сөзге тоқтау да басты қасиет.

Өзін келемеж қылған балаларға мысқыл сөзбен жауап қайырған шал да, өз қателіктерін түсініп ұялыс тапқан балалар да белгілі бір тұжырым жасауға жетелейді. [5, б. 257].

Спандияр Көбеев кеңестік білім беру жүйесінде ұлт мектептерінің мүддесін басты орынға қойды. Оның ойынша ұлт мектептерінде ең алдымен ана тілінде сауат ашу мәселесі қолға алыну қажет. Дәлеле келтірер болсақ, «Сабақты баланың табиғи ана тілінде түсіндіру жас өспірімнің ақыл – ой дүниесіне, сезім – қиялына күшті әсер етеді. Көркем сөз зергерінің бояулы да сырлы асқақ та әсем, кестелі де айшықты мағыналы да сөз бедерелері оқушыларға өмір құбылыстарын, табиғи көрінісі, адамдар арасындағы түрлі қарым – қатынастарды, дүние танымын дұрыс қалыптастырады. Оқушыны ана тілінде жазылған әңгіме, өлеңдер арқылы оқыту халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет – ғұрып, рухани өмірмен, арман мүддесімен таныстырып патриоттық сезімін оятады. Сондықтан ауылдық, болыстық мектептерде дәрісті қазақ тілінде жүргізу керек» – деген тағылымдық ойлар ерекше маңызды мазмұндағы жолдар ұлтжанды зиялының негізгі мақсатын көрсетеді.

Қортындылай келе, Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің қазақ елі үшін жасаған еңбектері білім беру саласында қазіргі дейін өзектіліні жоғалтқан емес. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин және оның шәкірті Спандияр Көбеевтің дүниетанымдық көзқарастары қалыптасқан, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл – парасаты жоғары, сөзге шешен болғанын артында қалған еңбектерінен оқып біліп отырмыз. ХХІ ғасыр заман талабына сай білім беру саласында озық ойлы жан – жақты құзіреттілігі жоғары ұрпақ тәрбиесінде бұл ағартушы ғалымдардың көрсеткен дара жолдарынсыз заманауи жастарды тәрбиелеу мүмкін емес. Адам туғаннан бастап тұлға болып қалыптасу үшін бойында болу керек барлық қасиеттерді, жоғарыда көрсетілгендей өз шығармаларында қарама – қарсы сипаттау арқылы қазақи тілмен әдемі оқиға желісі арқылы прозалалық шығармалары мен өлеңмен өрнектелген поэзия түрінде әдемі жеткізген.

Қазіргі заманауи жастар ұлы ағартушы, көрнекті қоғам қайраткерлері: Ыбырай Алтынсарин, Спандияр Көбеев мұрат еткен қазақ ұлтының жоғары мәдени құндылық әлемін толық меңгерген болса жан – жақты терең білімді, саяси – экономикалық сауатты, озық ойлы тұлға болып қалыптасқан, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына кәміл сенімдімін.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әлемдік педагогикалық ой – сана, 10 том, Алматы: Таймас 2010. 139 б.
2. Ы. Алтынсарин. Өнер – білім бар жұрттар. Алматы, Жалын 1991ж. 210 б
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы: Ғылым, 1994. 278 б.
4. Мақпырұлы С., Садықов Т. Қазақ әдебиеті. Астана 2007. 125 б.
5. Көбеев С. Орындалған арман. Алматы: Жазушы, 1988. 257 б.